



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАНҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№73 (10473) 18 ҚЫРКҮЙЕК, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



Жайылымнан – жаһандық нарыққа: АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ҚАДАМЫ

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ, ЭКСПОРТҚА БАҒЫТТАЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМІ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ, АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ АСА ӨЗЕКТІ. САЛАДА СЕРПІНДІ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ГРАНТ-ТАР БӨЛУ, ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАРЖЫ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕК ЕМЕС. БАРШАҒА МӘЛІМ БҰҒАН ДЕЙІН АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ ҮШІН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НӘТИЖЕСІН ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУ, АГРОБИЗНЕСКЕ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ МЕН БІЛІМДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ТӘСІЛДЕРІН ЖАППАЙ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН ӘЛДЕҚАЙДА АРТТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІНЕ БАСА НАЗАР АУДАРДЫ.

«Казір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Инвестицияның жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады. Үш мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өнімдер әлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет. Әр аймақта дайын өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір

өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптасуы керек», – деп атап өтті ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Қазіргі заман бұлынғыр, тұрақсыз болса дағы, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық» дей келе, «ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет», – деді Мемлекет басшысы. Ауыл шаруашылығы саласында өзекті мәселелердің шешімін табуы мемлекет азаматтарының өмір сүру сапасына ғана емес, сонымен

қатар халықтың азық-түлік қауіпсіздігіне де зор ықпал етеді. Кейінгі 2023–2025 жылдары өңірдің ауыл шаруашылығы секторында инвестициялық тың жобалар іске асуда. Ауылдағы шаруашылықтар ақылды технологияға жүгіне бастады. Шаруашылықтарды жаңа технологияға енгізіп, еңбек өнімділігін арттыру және өндіріске білікті мамандарды тарту мәселесі де жүйелі.

» 4

ҮЗДІК МЕКТЕПТЕР АНЫҚТАЛДЫ



«ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҮЗДІК ҰЙЫМ»,
«ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН
КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРЕТІН ҮЗДІК ҰЙЫМ» ГРАНТЫН БЕРУ
КОНКУРСЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ІРІКТЕУ БОЙЫНША
КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ БІЛІМ САПАСЫНА ДЕГЕН
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАҒЫ БІР МӘРТЕ АЙҚЫНДАП БЕРДІ.

Байқауға өңірдің 9 білім беру ұйымы қатысып, білім додасында үздік атану үшін бақ сынасты. Олардың алтауын аудан, қаладағы орта мектептер, ал үшеуін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары құрады. Құрамында облыс әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев бастаған түрлі сала өкілдері бар комиссия мүшелері қатысушылардың еңбегін әділ бағалап, арнайы критерийлер

бойынша қорытынды жасады.

Нәтижесінде «Орта білім беретін үздік ұйым» атағының жеңімпазы – Ақтау қаласындағы мамандандырылған IT лицейі болды. Бұл – жаңа технологиялар дәуірінде білімді ұрпақ тәрбиелеудің озық үлгісі екенінің дәлелі. 2-орын Мұнайлы ауданындағы Шоғы Мұнапұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектепке бұйырса, 3-орынды Жаңаөзен қаласындағы №5

мектеп-гимназиясы иеленді.

Ал «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым» конкурсының жеңімпазы – Халел Өзбекғалиев атындағы Манғыстау жоғары политехникалық колледжі атанды. Бұл колледж аймақтағы кәсіби маман даярлаудың жоғары деңгейін айқын көрсетіп отыр.

Өз тілшіміз.

ВАЛЮТА БАҒАМЫ

(USD) АҚШ доллары **542.50**

(EUR) Еуро

642.75

(RUB) Ресей рублі

6.79

ҚЫСҚА-НҮСҚА

«FSM SOCIAL» ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ ҚОСЫЛДЫ

Биыл Манғыстау әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру мақсатында «FSM Social» цифрлық платформасы іске қосылды. Бүгінде бұл жүйемен 484 мобильдік топ мүшесі жұмыс істейді. Осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін 787 адамға әлеуметтік көмек көрсетілген. Оның ішінде психологиялық – 289, құқықтық – 57, өзге бағыттар бойынша 441 қызмет тіркелді.

АҚТАУДАН ҚАРАҒАНДЫҒА ӘУЕ РЕЙСІ АШЫЛАДЫ

Ұшақ кестесі бойынша рейс Ақтаудан Қарағандыға сейсенбі және жұма күндері сағат 06:50-де ұшып, 09:00-де жетеді. Қарағандыдан Ақтауға сейсенбі күні 20:30-да, жұма күні 19:30-да ұшып, 22:40 және 21:30-да қонады.

500 ТҮРҒЫН БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Кезектегі әлеуметтік осал топтағы азаматтарды пәтермен қамтамасыз ету мақсатында бюджет қаражаты есебінен 500 пәтер сатып алу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 500 отбасы су жаңа пәтер иесі атанды. Одан бөлек, ауданы 32 мың шаршы метрді құрайтын 443 пәтерлі 2 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Осылайша 2026 жылдың соңына дейін қала бойынша мыңға жуық тұрғын баспаналы болады.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Ақтауда қала әкімінің тапсырмасына сәйкес жалпы ұзындығы 22,5 шақырымды құрайтын электр желісін жаңарту жұмыстары жүргізіп жатыр. Алдағы уақытта жобаның екінші кезеңі 23,3 шақырымдық тоқ желісін жаңарту жұмыстары жоспарланып отыр. Жоба 11а-9, 27-шағын ауданнан бастап 13, 15, 29-шағын аудандарға дейінгі аумақты, сондай-ақ 17-шағын ауданнан 33-шағын ауданға дейінгі бөлікті қамтиды.

БҮГІНГІ САНДА

«KAZAZOT PRIME» – ХИМИЯ ӨНДІРІСІНІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕ



» 3

МАҢ ДАЛАНЫҢ МЫҢ БОЯУЫ



» 8

Маңғыстау облысының ДАМУ БОЛАШАҒЫ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ 2024 ЖЫЛДЫ ТАБЫСТЫ АЯҚТАҒАН-НАН КЕЙІН ЖАҢА АМБИЦИЯЛАРМЕН ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРМЕН ҚАРСЫ АЛУҒА ДАЙЫНДАЛУДА. СОҢҒЫ ДЕРЕКТЕРДЕН КЕЛІП ШЫҒАТЫНЫ, ӨНІРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ, ӘСІРЕСЕ ӨНЕРКӘСІП ӨНІМДЕРІН ҚАЙТА ӨНДЕУ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, КӨЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ СЕКТОРЛАРЫНДА ҚАРҚЫННЫҢ ӨСУІН ЖАЛҒАСТЫРУДА.

Аса көрнекті тарихи факт: Херсоннан Еділ мен Каспий арқылы Бейжіңге баратын әлемдегі ең көне, ұзындығы 2 500 шақырым жол қазіргі Маңғыстау облысының аумағы арқылы өткен. Өндеу өнеркәсібінде тұрақты өсу қарқыны сақталуда. Ауыл шаруашылығы секторы да өңірге айтарлықтай экономикалық өсім әкеле отырып, қарқын алып келеді. Ал жаңа инвестициялық жобалар облыстың экономикалық тұрақтылығын одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары Маңғыстау өзінің инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік бере отырып, едәуір инвестициялар тартты, бұл ұзақ мерзімді перспективада облыстың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал

ететін болады. Алдағы жылдары жаңа жобаларды жүзеге асыру жаңа жұмыс орындарын ашып, өңір тұрғындарының өмір сүру стандартын көтереді деп күтілуде. Маңғыстау облысын дамытудың кейбір перспективалары:

- Инфрақұрылымды жаңғырту. Облыс орталығында, Жаңаөзенде және аудандарда магистральдық жылу желілерін қайта жаңарту жоспарлануда.
- Көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту. Темір жол және авиация желісі дәйекті түрде кеңейтілуде, Ақтау портында контейнерлік хаб құрылысы белсенді жалғасуда, автожолдарды қайта жаңарту жүргізілуде.
- Инвестициялар мен бизнесті

қолдау. 2024 жылы 14 жаңа жоба іске қосылды, қазіргі уақытта 19 трлн. теңге сомаға 1,5 перспективалық бастама пысықталуда, бұл 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

- Ішкі туризмді дамыту. «Жылы жағажай» ауданында көпфункционалды қонақ үй туристік кешен, сауықтыру кешендері мен қонақ үйлер құрылысының ІІ кезегін аяқтауда, сондай-ақ Кендірлі курорттық аймағын дамыту күтілуде.
- Ірі инвестициялық жобаларды іске асыру. Олардың ішінде — Ақтау қаласында қуаты 160 МВт бу-газ қондырғысының құрылысы, мультимодальдық логистикалық және авиациялық хаб пен кеме жасау верфін құру, бекіре балықтарын өсіру және уылдырық өндіру, «Бозжыра» визит-орталығын салу, сондай-ақ аммиак-карбамид кешенін іске қосу көзделуде.

Г.БЕРМУХАМЕДОВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, экономика және қаржы кафедрасының, э.ғ.к., қауымдас-тырылған профессоры.

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС-ға қарасты қоғамдық-саяси газеттерде 2025 жылға арналған сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарын жариялауға (орналастыруға) арналған ПРАЙС-ПАРАҒЫ

№	Басылым атауы	Өлшем бірлігі	Мерзімділігі	ҚҚС қоса алғандағы бағасы, теңге	Форматы
1	«Маңғыстау» облыстық газеті	см²	Аптасына 2 рет сейсенбі, бейсенбі күні шығады	400	D2
2	«Огни Мангистау» облыстық газеті	см²	Аптасына 2 рет сейсенбі, бейсенбі күні шығады	400	D2
3	«Жаңа өмір» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	400	D2
4	«Жаңаөзен» қалалық газеті	см²	Аптасына 1 рет жұма күні шығады	400	D2
5	«Қарақия» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	400	D2
6	«Мұнайлы» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет сейсенбі күні шығады	400	D2
7	«Ақкетік Арайы» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет сейсенбі күні шығады	400	D2
8	«Рауан» аудандық газеті	см²	Аптасына 1 рет сейсенбі күні шығады	400	D2

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС-ға қарасты Отранnews.kz ақпараттық агенттігі сайтына және әлеуметтік желілерде 2025 жылға арналған сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарын жариялауға (орналастыруға) арналған ПРАЙС-ПАРАҒЫ

Сайтқа материалдар жариялау			
№	Атауы	Бағасы, тг	Пікір
1.	Жаңалықтар бөліміне (бос орынды қоса есептегенде) 900 белгіге дейінгі қазақ және орыс тілдерінде автор мақаласы	8 000,00	келісілген, дайын мақала қабылданады
2.	Басты жаңалықтар бөліміне (бос орынды қоса есептегенде) 1 800 белгіге, 10 суретке дейінгі қазақ және орыс тілдерінде автор мақаласы	14 000,00	
3.	900 белгіге дейінгі (бос орындарды қоса есептегенде) жарнама мәтіні	6 000,00	
4.	1 800 белгіге дейінгі (бос орынды қоса есептегенде) жарнама мәтіні	9 000,00	
5.	Жарнамаға қосымша	4 500,00	word, excel, pdf форматында көлемі 500 мб аспайтын материалдар
6.	Басты жаңалықтар, жарнама бөліміне қазақ және орыс тілдерінде 1800 белгіге (бос орынды қоса есептегенде), 10 суретке дейін (мақала, жұмыс орындары жөнінде, өткізілген іс-шара бойынша сұхбат, жекелеген компаниялар мен ұйымдардың есебі)	23 000,00	журналистер мен фотографтардың қызметі бөлек бағаланады
7.	Жарнамалық фоторепортаж жариялау (20 сапалы суреттен аспауы тиіс)	17 000,00	
8.	Жарнамалық бейнерепортаж жариялау (ұзақтығы 2–10 минуттан аспауы тиіс)	23 000,00	
9.	Электронды баннер (басты бетке, 1 күнге)	15 000,00	

1. Әлеуметтік желілерде жариялау

№	Атауы	Бағасы, тг
1.	Фото мен дайын макетті жариялау	20 000,00
2.	Макетті дайындау	10 000,00

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ келесі жоба бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді: «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы бойынша өндірістік басқарудың негізгі және қосалқы қызметін, жоспарланған қызмет жобалары бойынша технологиялық байланысты жұмыстарды/қызметтерді (ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға және т.б. арналған жұмыс және техникалық жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімдерімен) қамтитын қоғамдық тыңдаулар, сондай-ақ қалдықтарды басқару бағдарламалары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламалары және өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары, рұқсат етілген төгінділер нормативінің жобасы.	
Жобаның атауы	«Қаражанбасмұнай» АҚ үшін атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы бойынша өндірістік басқарудың негізгі және қосалқы қызметін, жоспарланған қызмет жобалары бойынша технологиялық байланысты жұмыстарды/қызметтерді (ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға және т.б. арналған жұмыс және техникалық жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімдерімен) қамтитын қоғамдық тыңдаулар, сондай-ақ қалдықтарды басқару бағдарламалары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламалары және өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары, рұқсат етілген төгінділер нормативінің жобасы.
Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктер	Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы.
Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күні, уақыты және орны	Орны: Маңғыстау обл., Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, Ж.Жұбайұлы көшесі №41, мекен-жайында орналасқан мәдениет үйі ғимараты. Күні: 24. 10. 2025 ж. Уақыты: сағ. 14:00. Маңғыстау облысының аумағында карантиндік режим жарияланған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар интернет-аланда бейнеконференциябайланыс арқылы өтеді: https://teams.microsoft.com/dl/launcher/launcher.html?url=%2F_%23%2F1%2Fmeetup-join%2F19%3Ameeting_Mzk0NTY4MmItZDRkYi00ZWw1LThtlMtctDgzMGYzMWlxZTly%40tHread.v2%2F0%3Fcontext%3D%257b%2522Tid%2522%253a%2522cb77730a-6ad4-4aab-b5bf-aae749bbbf59%2522%252c%25220id%2522%253a%2522d6787c20-26d1-4951-be55-8f2e5a4593e4%2522%257d%26anon%3Dtrue&type=meetup-join&deepLinkId=9d7f0d06-d72a-4fa5-a4e7-82957a3ca60b&directDl=true&msLaunch=true&enableMobilePage=true&suppressPrompt=true .
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері	«Қаражанбасмұнай» АҚ, 9 «а» ш/а, 4-ғимарат, «Елес» б/о., тел.: 8(7292) 473046, 8(7292) 472053.
Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушінің немесе сыртқы тартылған сарапшылардың деректемелері мен байланыс деректері	«Қазұпимұнайгаз» ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы, тел.: 47-02-44; «iProject» ЖШС, тел.: 8 701 270 6220.
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жер-гілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы және экологиялық порталы	https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/ https://ecoportal.kz/
Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекен-жай және телефон нөмірі	Z_ISLAMGAZIEV@KBM.KZ Тел.: 8(7292) 473046, A_Dzhuldybayeva@KBM.KZ 8 (7292) 472053
Ескертулер мен ұсыныстар пайдалануды жергілікті атқарушы органның атауы және байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Жобаларды экологиялық сараптау» бөлімінің бас маманы Сабина Базарбай, 8 /7292/ 43-10-88, moup@mangystau.gov.kz.
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жер-гілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы	https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ АШЫҚ ЖИНАЛЫС НЫСАНЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗІЛЕТІНІ ХАБАРЛАЙДЫ	
Жобаның атауы	«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау бөлімдерімен ұңғымалар салуға арналған техникалық жобалар мен кен орындарын жайластыру жобаларына ұңғымалардың салуға кезеңіне әсер етуге экологиялық рұқсаттар алуға арналған өтінімдеріне материалдар бойынша.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны	2025 жылы 23 қазан сағат 14:30-да «Өзенмұнайгаз» АҚ 2-қабаттағы өндірістік блогының конференц-залында. Карантин режимі жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы (Microsoft Teams онлайн платформасында) өтеді. Конференция идентификаторы: https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_YmNiYTA5NTYtZjM1Yy00MmExLWFhY9QtY2Y2GUXhJiU30TRI%40tHread.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22d6f0f5e08-9c5f-4ae6-9337-6cc2ddd4382e%22%2c%220id%22%3a%2216166164-d71a-45e9-aaa4-47fe11f24a97%22%7d . Жиналыс идентификаторы: 436 640 329 306. Құпия код: 6fa68RC7.
Тұтынушының және құжаттаманы әзірлеушінің аты мен байланыс деректері	Тұтынушы – «Өзенмұнайгаз» АҚ, БИН: 120240020997. «ӨМГ» АҚ бұрғылау және ұңғымаларды өндеу бөлімінің жетекші инженері Сахыпгерей Сарсенбаев, тел.: 8 2934 65139, e-mail: s.sarsenbayev2@omg.kmg.kz. Мердігер – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС «ҚазҒЖИ мұнайгаз» филиалы, БСН: 180541009170. Экология басқармасының бастығы Элеанора Хаманова, тел.: 8 (7292) 470244, e-mail: E.Khamanova@kmgc.kz.
Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы	https://ndbecology.gov.kz/ https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru .
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы Сабина Базарбай, тел.: 8/7292/ 46-21-31 (1210) s.bazarbay@mangystau.gov.kz.
Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен-жайы	mangystautabigat@gmail.com сілтеме Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru .